



2017-2018 жж. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының есебі

«Ұлттық аударма бюросы» Қоғамдық қоры дүние жүзінің алдыңғы қатарлы оқу орындарында қолданылатын, ең жақсы деген оқулықтарға қол жеткізу үшін Гарвард, Кембридж және Оксфорд университеттерінің баспалары, «Sengage», «Pearson», «Penguin Random House», «McMillan» және басқа да ірі халықаралық баспа үйлерімен әріптестік орнатып, бірлесе тығыз жұмыс істеуде.

Бүгінгі таңда жоба аясындағы жұмыстарға жалпы саны 300-ге тарта маман қатысуда. Олардың дені ғылыми дәрежесі бар, маман ретінде мойындалып, танылған, беделді ұстаз-ғалымдар, аудармашылар, тілшілер мен баспагерлер. Жобаға атсалысын жүрген мамандардың қай-қайсысы да оның білім мен ғылым сапасын көтерудегі тиімділігін, ұрпақ келбетін, яғни ұлт және ел болашағын қалыптастырудағы аса зор маңызын ескере отырып, жұмысқа ерекше ден қоюда. Басты мақсат – сөзі анық, мазмұны ұғынықты, аударманың мейлінше жоғары сапасын қамтамасыз ету.

Осы орайда, аталған аралықта келесі жұмыстар атқарылды:

- Гуманитарлық бағыттағы алғашқы 18 оқулық аударылып, басылып шықты;
- 2018 жылдың 12 сәуірінде ҚР Президентінің қатысуымен көпшілікке 18 оқулықтың таныстырылымы өтті;
- 18 оқулықтың әрқайсысы 10 000 данада республиканың 110 жоғары оқу орынына жеткізілді;
- Оқулықтардың электронды нұсқалары «Қазақстанның ашық университеті» – OpenU.kz порталына орналастырылды;
- Ғалымдар, ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттердің қатысуымен оқулықтардың мазмұнын кеңінен талқылау ұйымдастырылды;
- 2018 жылдың «1» қыркүйегінен бастап аударылған 18 оқулық университеттердің оқу бағдарламаларына кіргізу жұмыстары жасалуда;
- Оксфорд университетінің баспасымен әріптесе отырып Oxford Dictionary of Social Sciences негізінде сөздік құрастыру жұмыстары жүргізілуде;
- Аударылған оқулықтарға деген қоғамның зор қызығушылығын ескере отырып, кітап дүкендері желісі арқылы тарату үшін оқулықтарды қосымша тиражда басу ұйымдастырылды. Қосымша тираж жеке баспахананың қатысуымен іске асуда. Ірі кітап дүкендер желісімен (Меломан) келісе отырып, дүкендерде «Рухани жаңғыру» арнайы кітап сөрелері жасақталды.

Аталған аралықта жасалған жұмысқа PricewaterhouseCoopers мекемесі арнайы аудит өткізді.

Құрметпен,

Атқарушы директордың орынбасары

Т.Муктаров



«Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ
Атқарушы директоры
Рауан Кенжеханұлы мырзаға

2 қараша 2018ж.

Құрметті Рауан Кенжеханұлы,

Біз осы хатпен «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ (бұдан әрі – «Қор») 2016 және 2017 жылғы кірістері мен шығыстары туралы есепте (бұдан әрі – «қаржылық ақпарат») көрсетілген есеп саясатының қағидаларына сәйкес Қор дайындаған қаржылық ақпараттың аудитін аяқтағанымызды хабарлаймыз.

Қаржылық ақпараттың аудиті нәтижелері бойынша, біз 2018 жылы 30 қазанда қол қойылған тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысын шығардық.

Бұл қаржылық ақпаратты Қордың Астана қаласындағы қызметкерлерінен алуға болады.

Азамат Қонратбаев
Аудит бойынша әріптес